

## **2. Тәрбие жүйесі: мәні, құрылымы және негізгі компоненттері**

## *Тәрбие процесі күрделі динамикалық жүйе ретінде.*

- Тәрбие процесі – күрделі динамикалық жүйе. Өйткені, ол үнемі үзіліссіз даму, қозғалмалы, өзгермелі жағдайда болады. Тәрбие процесінің үзіліссіз жағдайы қоғамның талабына сай оның үнемі дамуымен сәйкес келеді, қозғалмалылығы – жанұя тәрбиесі, мектептегі мақсатты әртарапты тәрбиелік іс-шаралар мен мектептен тыс мекемелердің әртүрлі қызметі және баланың қызығушылығымен байланысты түрлі іс-әрекеттері, мүмкіндіктері, өмірлік тәжірибесі және әлеуметтік ортасы қарастырылса, ол мұғалімге тәрбиеде манёврлілік жасауға, қажетті кезде нәтиже беретін жол таңдауға мүмкіндік береді. *Өзгермелілігі* – оның жағдайға, тұрғылықты мекен-жайға, балалардың жас ерекшелігі мен жеке басының мүмкіндігін ескерумен, сондай-ақ өмірдің әртүрлі жағдайына, баланың өмір сүріп отырған ортасына т.с.с. тәуелді болуымен сәйкес анықталады.

- Тәрбие құралы да, оларды қандай балаға қолдануына байланысты өзгеріп отырады.
- Тәрбие процесінің диалектикасы өзінің қарама-қайшылығында ашылады. Өйткені тәрбие процесінде дау-дамай (конфликт) бар. Мәселен, баланы қайта тәрбиелеу процесі. Бұл процес түзу, жайдан жай жатық өтпейді. Тәрбие – бұл тұлғаны дамыту, ал дамыту – диалектикалық процесс. Онда қарама-қайшылық болады. Қарама-қайшылық ішкі (биологиялық, тұқым қуалаушылық) және сыртқы (әлеуметтік) болып жіктеледі.
- Ішкі қарама-қайшылық – бұл дамудың көзі. Олар тәрбие процесінің дамуында қозғаушы күші болады. Осындай қарама-қайшылық түрінің негізгі мазмұны тұлғаның қажеттіліктері мен оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылық болады. Міне осындай келіспеушілік адамды әрекет етуге, оның алға қарай жылжыуына мәжбүрлейді.
-

- Нәтижесінде ол өзінің дүниетанымын және бедгілі бір білім саласында тәжірибесін кеңейтеді, қосымша алған білімінің арқасында қажеттілігін дамытады, өзінің мінез-құлқын және т.б. өзгертеді. Өйткені тәрбие тұлғаның дұрыс қалыпты дамуын бағытталған. Бұл, әрине педагогтар тарапынан баланың қажеттілігін, талпынысын, өмірлік мақсатын, көзқарастары мен сенімін және жеке басының іс-жоспарын анықтап табу жағдайында ғана мүмкін болмақ. Тек, осы жағдайда ғана педагог баланың тұлғалық дамуына көмектесе алады. Сондықтан ішкі қарама-қайшылық тәрбие процесін басқаруда негізгі қызметті атқарады.
- Келесі кезекте ішкі қарама-қайшылықтың басқа да түрі бар, ол тәрбиеленушіге шешуді қажет ететін *әлеуметтік маңызды міндеттердің* артуы мен оның бұл міндеттерді шешудегі іс-әрекеттері және іс-қимылдарына кедергі болатын *мүмкіндіктері* арасындағы қарама-қайшылық. Мәселен, қоғамның алға қарай қарқынды дамуы баладан өзінің ой өрісін кеңейтуді, алған білімдерін практикада қолдануын және қабілетін үнемі дамытуы үшін қолы бос уақытын дұрыс пайдалануды, шығармашылықты дамытуды талап етеді. Бірақта, соған қарамастан көптеген отбасылық төмен кіріс баланың қосымша білім алу мүмкіндіктеріне кедергі келтіреді. Өйткені олардың көбісі ақылы.

- Ішкі қарама-қайшылықтың үшінші түрі – сыртқы қарама-қайшылықтың ықпалы мен тәрбиеленушілердің ішкі талпынысы арасындағы қарама-қайшылық. Егерде бұл қарама-қайшылықты ескермесек, онда тәрбиешінің жұмысында формализм орын алады. Мәселен, тәрбиеші тәрбие процесін мақсатты процесс ретінде нақты түсінеді, бірақ та оны балалардың ықыласынсыз, қызығушылығын, тілегін ескермей жүзеге асырады
- Сыртқы қарама-қайшылықтың ықпалы тәрбие процесінің нәтижелілігіне зор әсер етеді. Ол тәрбие процесінің жағымды немесе жағымсыз өтуі үшін жағдай тудыруға қабілетті. Оған мысал ретінде мектепте мақсатты ұйымдастырылған тәрбие процесі мен қоршаған ортаның стихиялық ықпалын, мектеп пен қоғамның арасындағы (қазіргі жастардың өмір сүретін ортасының әлеуметтік портреті), бұқаралық ақпарат құралдары (елдің саяси өмірі), мемлекеттің өткен тарихы, қоғамның мұраты), мектеп пен отбасының, тәрбие барысында сөз бен істің, тұлғаны дамытуда қоғамның талаптары мен оған оқушылардың нақты даярлау деңгейінің сәйкес келмеуі (кейбір жағдайда бұл талаптар мүлде ескерілмейді) арасындағы қарама-қайшылықтарды келтіруге болады.

- Тәрбие процесінің ерекшелігі бұл процестің қыйыншылығымен сипатталады. Мәселен,
  1. Ең алдымен, бұл мақсатты процесс (тәрбиенің мақсаты баланың жүрегіне жақын әрі түсінікті болуы міндетті).
  2. Тәрбие процесінің жан-жақтылығы. Өйткені оған жанұя, мектеп, қоғам, жекелеген тәрбиешілер, мектептен тыс мекемелер қатысады. Дегенменде, бұл процесте олардың бала тәрбиесіндегі әрекеттерінде үйлесімділік барлық жағдайда бірлікте бола бермейді.
  3. Тәрбиелеушінің әрекеті, оның бала тәрбиесіндегі жетістігі тек оның тәрбие саласындағы біліміне ғана емес, сонымен бірге оның шеберлігіне де байланысты болады. Өйткені, тәрбие бұл - өнер.
  4. Бұл процестің нәтижесі оқыту процесіне қарағанда әрқашанда сезіле бермейді, олар көзге онша көрінбей өтіп отырады.
  5. Бұл процесс әр кезде тұрақты болмайды, керісінше динамикалық, яғни өзгермелі, қозғалмалы жағдайда болады.
  6. Бұл процес ұзақ мерзімді қамтиды. Өйткені тәрбие адамның туғаннан өлгенге дейінгі барлық өмірін қамтиды. Соған орай бала адам өміріндегі оның әлеуметтік тәжірибесін (білімі, мінез-құлқы, көзқарасы, сенімі, мұраты, ұстанымы және т.б.) бойына сіңіріп өтеді. Нәтижесінде оның жеке басы әлеуметтенеді.

- Яғни, тәрбие процесі, ең алдымен, баланың әлеуметтік дамуына бағытталған. Бұл міндетті нәтижелі шешу үшін тәрбие процесін *біртұтас* жағдайда жүзеге асыру қажет. Іс жүзінде ол *тәрбие жүйесін* құру арқылы жүзеге асады.
7. Тәрбие процесінің үзіліссіздігі. Баланың отбасында алған жанұялық тәрбиесі келесі кезекте балабақшада, мектеп қабырғасында жүйелі, мақсатты түрде тәрбиешілермен өзара әрекеттесуі негізінде болса, одан кейінгі өмірі өзін-өзі тәрбиелеу барысында жүзеге асады. Оған ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар көтеп саналады. Сондықтан да бұл процесте міндетті түрде жүйеліктің болуы, керісінше кездейсоқтың болмауы шарт.
  8. Тәрбиенің сатылығы. Бала тәрбиенің бастапқы кезеңінде отбасында, мектепте этикалық түсініктерін қалыптастырады, адамгершілік нормаларын меңгереді, нәтижесінде қоғамға, туған жеріне, Отанға, адамдарға, мұраттарына жағымды қарым-қатынасы пайда болып, сенімдері мен көзқарастары орнығады, соның барысында оның мінез-кұлқы тәрбиеленеді. Олар тәрбие жұмысының мазмұнында айрықша мәнге ие болып, көрініс табады.

- Дегенмен де, баланың ұлттық және жалпыадамзаттық мораль нормаларына қатысты білімдер жүйесін меңгеруі, оның әлеуметтік мәнге ие сапасының дамуы мектептегі өмірінің барлық кезеңдерін қамтиды. Бірақта, оның әрбір кезеңдерінде, баланың жас ерекшеліктеріне сай тәрбие жұмысының мазмұны өзгеріп, жетіліп, жаңарып отырады.
9. Тәрбие процесінің екі жақты және белсенді болу сипаты. Тәрбие процесіне негізінен педагогтар мен оқушылар қатысады. Субъективтік көзқараста педагог оқушылардың тәрбие процесін басқарады, яғни тәрбие процесінің мененджері болса, балалар сол процестің субъектілері ретінде оның жұмысын ұйымдастыруға белсенді қатысушылар ретінде саналады.
  10. Тәрбие процесінің нәтижесінің анық болмауы. Оның мәнісі, тәрбиенің белгілі бір нақты жағдайда болғанымен де, оның нәтижесі әртүрлі болып келуі. Себебі оған әртүрлі субъективтік факторлардың ықпалы, оқушылардың жеке-дара ерекшеліктері, әлеуметтік тәжірибесі мен даярлық деңгейінің әртүрлі болуы, олардың тәрбиешілерге қарым-қатынасы және педагогтардың бұл процесті басқару біліктілігі әсер етуі себеп.



11. Тәрбие процесінің біртұтастық (комплекстік) сипатының болуы. Олбұл процестің мақсаты, міндеттері, мазмұны ұйымдастыру формалары мен әдістерінің бірлікте, біртұтастықта болуын көздейді. Осының бәрі тәрбиенің біртұтастығы және тұлғаны жан жақты дамыту идеясына бағынуын міндеттейді. Бұл ерекшелік тәрбие процесін ұжым болып жоспарлауда айрықша мәнге ие болады.

## 2. Тәрбие жүйесі: мәні, құрылымы және негізгі компоненттері, олардың өзара байланысы

- Қазіргі педагогика «технология» сөзі секілді «жүйе» сөзін де жиі-жиі қолданады. Бұл заңдылық қазіргі ғылымның негізгі принципі – **жүйелік принципіне** сай келеді.
- Педагогикалық феномен ретінде тәрбие жүйесін зерттеу жұмыстары 1970 жылдардың басынан үзіліссіз жүргізілуде. Бүгінде тәрбие жүйесінің біртұтас тұжырымдамасы жасалды, солардың ішінде Л. И. Новикова, В. А. Караковский, А. М. Сидоркин, Н. Л. Селиванова және т.б. құрған жүйелерін атауға болады. Олардың зерттеулерінде тәрбие жүйесі *біртұтас әлеуметтік-педагогикалық ағза* және өзара әрекеттесу жағдайындағы тәрбиенің қалыптасқан негізгі компоненттері (субъектілер, мақсаты, мазмұны және іс-әрекет, қарым-қатынас тәсілдері), сондай-ақ ұжым болып өмір сүру, ондағы психологиялық ахуал ретінде қарастырылады (Л.И.Новикова).

- **Тәрбие жүйесі** «педагогикалық жүйе», «дидактикалық жүйе», «тәрбие жұмысының жүйесі» секілді ұғымдардың ішінде маңызды орын алады. Өйткені бұл кең көлемді ұғым. Ол өзінде жоғарыда аталған үш жүйені өзінің компоненттері ретінде қарастырады.
- Егер *тәрбие* жағымды жағдай тудыра отыра *тұлғаның даму процессін басқаруды* қарастырса, *тәрбие жүйесі* – педагогикалық әрекеттің **компоненттерінің** (мақсаты, тәрбие субъектілері, олардың іс-әрекеттері, қарым-қатынасы, ортасы, жүйені басқару т.б.) белгілі бір тәртіппен орныққан жиынтығы ретінде *тәрбие процесінің мақсатын* нәтижелі жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Компоненттердің өзара әрекеттесуі және кірігуі бала тұлғасының қалыпты дамуына мақсатты және нәтижелі түрде ықпал етеді. Соған орай мектеп *педагогикалық әрекетте* логикалық тұрғыдан өзара байланысты өмір сүретін және дамитын біртұтас әлеуметтік ағза ретінде танылады. Бұл жүйе педагогикалық әрекетте өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі ұйымдастыратын процесс ретінде қарастырылады.

- Демек, **жүйе** – белгілі бір қатаң тәртіппен, логикалық тұрғыда өзара байланысты болып келетін элементтердің құрылымы. **Құрылым** – [структура] (латынша *structura* – строение) – бұл жүйедегі элементтердің орналасу тәртібі. Жүйенің құрылымын қабылданған өлшем бойынша элементтер (компоненттер) құрайды және олар бір бірімен өзара байланыста болады. Жүйенің **компоненттерін** педагогтар, тәрбиеленушілер, тәрбие жағдайы құрайды. Бұған Қытай халқының: «Құдықтағы суды мақтағанда, оны тұрғызғандарды ұмытпа» деген мәтелі тірек болады [1,С.245]. (Кукушин В.С.)
- Тәрбие жүйесі күрделі әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық білімдердің жиынтығы. Ол өзінде барлық педагогикалық процесті бірлікте қарастырады. Атап айтсақ, оқу және оқудан тыс жұмыстар, мектептің әртүрлі бағыттағы іс-әрекеттері, үлкендер мен балалар, балалар мен педагогтардың еркін өзара қарым-қатынасы және т.б. Тәрбие жүйесі әртүрлі типтегі оқу және мәдениет, спорт, қосымша білім беру мекемелерінде, балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінде, олардың демалысы мен денсаулығын жақсартуды ұйымдастыру процесінде және т.б. құрылуы мүмкін.

- Олар, бұл жүйеде тек педагогтар мен тәлімгерлерді ғана емес, сонымен бірге мектеп пен әлеуметтік ортаның өзара әрекеттесуін қамти отыра ата-аналарды, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін де қатыстыруы мүмкін. Тәрбие жүйесі мүмкін бір сыныпты, болмаса барлық мектепті немесе ықшам ауданды да қамтуы мүмкін.
- Тәрбие жүйесі белгілі бір *тұжырымдама* (концепция) негізінде құрылады: мақсаттар, міндеттер, принциптер, жетекші идеялар, педагогикалық теориялар, жағымды тәжірибелер. Тұжырымдама болашақ тәрбие жүйесінің «*үлгісі*» (модель) ретінде қызымет етеді, ол өз кезегінде педагогикалық ұжымның әрекетіне бағыт-бағдар береді.
- Тұжырымдама – белгілі бір затқа қатысты *көзқарастар жиынтығы, негізгі идея, бастапқы ой* ретінде түсіндіріледі.
- Демек, тәрбие жүйесінің *құрылымы* өзінде қарастырады: **мақсат** (бастапқы тұжырымдама немесе идеялар жиынтығы ретінде); **іс-әрекет** (идеяларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуші ретінде); **іс-әрекет субъектілері** (іс-әрекетті ұйымдастырушы және оған қатысушы ретінде), **қарым-қатынас** (іс-әрекетте және оқу-тәрбие процесінде туындайды, субъектлерді іс-әрекет барысында қауымдастыққа біріктіреді),

- **орта** (жүйенің пайда болуы және қалыптасуына ықпал ететін фактор ретінде), **басқару** (жүйедегі компоненттердің біртұтас ағза ретінде өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуші).
- Тәрбие жүйесін тәрбие мақсатына қатысты проблемалардың шешімін таппай құру мүмкін емес. Өйткені білім беру саласының, сондай-ақ басқа да салалардың қызметкерлерінің **әрекеттері** мақсаттар және міндеттер арқылы анықталады. Соған орай қазіргі ғылымда тәрбие мақсатын анықтауда көбінесе **мәдениетшілдік** (культуралогиялық) **көзқарасқа** басымдық берілуде. Бұндай қатынас ұлттық және әлемдік мәдениетте әлеуметтік-тарихи қалыптасқан рухани-мәдени құндылықтарға негізделіп, әрекеттің нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.
- Әрекет негізінен *жүйе құрушы фактор*, егер оны ұйымдастыруда барлық субъектілердің педагогикалық әрекеттері қажеттілікке ие болса және ол біртұтас педагогикалық процесте оқу және оқудан тыс жұмыстарды байланыстыра алса ғана өз міндетін орындай алады. Тәрбие жүйесін осылай құру, шын мәнісінде, оқушылардың оқу және оқудан тыс әрекеттерінің үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

- Тәрбие әрекеті жүйе құрушы фактор болуы үшін ол, ең алдымен, ортақ мақсатқа, тұлғағаның маңызды шығармашылық әрекетіне және гуманистік сипатқа ие болуы тиіс. Тек осы факторлар ғана *жүйенің тәрбиелік күшін анықтауға* мүмкіндік береді.
- Тәрбие жүйесі жоғарыдан ұсынылмайды, керісінше педагогикалық әрекеттің барлық субъектілерінің күш-жігері арқасында құрылады. Сондықтан ол тұралап қалмайды, керісінше *күрделі динамикалық жүйе* ретінде үнемі дамушы фактор болып саналады. Сонымен бірге тәрбие жүйесінің даму процесі бірыңғай сара жолмен жүрмейді, керісінше ол *қарама-қайшылықта* болып келеді. Ондағы өрлеу немесе құлдырау немесе ұзақ мерзімді тұрақтылық оған тән қасиет болып келеді. Сондықтан тәрбие жүйесінің дамуы, ең алдымен тәрбие процесіндегі қарама-қайшылықтарды жоюға қызымет етеді. Ол, өз алдына, оның тұрақты дамуына маңызды ықпал етеді.
- Қазіргі (гуманистік) тәрбие жүйесінің субъектілері болып тек педагогтар ғана танылмайды, сонымен бірге балалар да болады. Бұның авторитарлық жүйеден бірден бір айырмашылығы, онда бала басымдықпен тәрбие субъектісі болып келеді. Бұндай жүйенің ерекшелігі педагогтар мен балалар қойылған мақсатқа өзара әрекеттесуі барысында қол жеткізеді.

- Оның негізгі шарты *гуманистік тәрбие жүйесінің маңызды мұраты ретінде балалар мен үлкендердің ұжым болып бірлесе әрекеттесуі*. Өйткені тәрбие әрекетінің жүйе болып қалыптасуында оның болуы басты міндет.
- **Қарым-қатынас** – жүйеге қатысушы субъектілер арасында өзара байланысты орнықтыруда және дамытуда пайда болатын тұлға белсенділігінің бірден бір әмбабап формасы (таным, еңбек, ойын және т.б.). Ол тәрбие жүйесінің міндетті компоненті ретінде өзінде **3 элементтің** бірлігін қарастырады: ақпараттық (ақпарат алмасу), перцептивтік (өзара түсіністік) және интерактивтік (тәрбие жүйесіндегі субъективтердің өзара әрекеті, олардың бір-біріне ықпалдастығы).
- Қандай да бір жүйе белгілі бір **ортасыз** өмір сүре алмайды. Тәрбие жүйесі тәрбиелік ортаны қалыптастырудан басталады. Тек тәрбиелік орта ғана балаға мақсатты түрде оның дамуына нәтижелі ықпал ете алады. Философиялық-педагогикалық көзқарастар бойынша **«ортаның»** мағынасы кең болып келеді.



- Бұл, біріншіден, *табиғи және географиялық орта*. Ондағы әртүрлі жағдайлар мен факторлар бала тәрбиесіне әртүрлі жағдайда ықпал етеді. **Фактор** (латынша factor – делающий, производящий - жасаушы, шығарушы) – белгілі бір процестегі мәнді жағдай, қозғаушы күш, себеп деген ұғымды білдірсе, **жағдай** (условия) - белгілі бір нәрсенің соған байланысты болу шарты.
- Мәселен, Қазақстан Республикасының оңтүстік пен солтүстік, шығыс пен батыс аймақтарының жер және климаттық жағдайлары, өсімдіктері мен өзен-көлдері, таулы ормандары мен шөл аймақтары және ауылдық жер мен қалалық жерлер, ондағы өндіріс-мәдени орталықтары, еңбек-құрал жабдықтары және т.б.
- Екіншіден, баланың кең көлемде *әлеуметтік-мәдени ортасы*. Оған:
  - -жалпы алғанда қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени дамуы;
  - -нақты алғанда мектеп, тәрбиешілер; мектептен тыс тәрбие мекемелері; қоғамдық ұйымдар; ресми және бейресми бірлестіктер; мәдениет ошақтары мен қызметкерлері; бұқаралық-ақпарат құралдары және т.б. жатады. Бұлар баланың өмір сүруінің **макро ортасы** ретінде танылады.

- Ал баланың отбасы, оның мүшелерімен өзара қарым-қатынасы, ауласы, ондағы достары, туған-туыстары, көршілері оның **микро ортасы** болып саналады. Бұлар оның тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Сондықтан да тәрбие процесінде *жүйелік ілім* тәрбие жүйесінің ортамен барынша өзара тығыз қарым қатынасын үйлесімді дамытуға мүдделі.
- ХХ ғасырдың орта тұсында Батыстың педагогикалық теориясында тек «мектеп жағдайындағы орта» ғана білім және тәрбие процесінің сапалық ерекшеліктерін анықтайды деген қорытынды шығарады. Осы теориялық көзқарастың негізінде Англия, Австралия және Америкада «нәтижелі мектеп» («эффективная школа») деген атпен тәрбие жүйесін құра бастайды. Өйткені «нәтижелі мектеп» балалар үшін өмір сүру ортасын құруға толыққанды мүмкіндік тудырады. Онда балалардың оқу-тәрбие процесінде бірігіп өзара ынтымақтастықпен, тату-тәтті, еркін қарым-қатынас орнатуға қол жеткізуге болады деп есептейді. Бұндай жағдай балаларды тек оқуда ғана жақсы жетістіктерге қол жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың әрқайсысында өзін-өзі бағалауда жағымды қасиеттердің қалыптасуына да оң ықпал етеді - деп есептеген.

- Тәрбие жүйесінің нәтижелі өмір сүруінің негізгі **өлшемі** – *бала тұлғасын дамыту*. Соған байланысты *тәрбие жүйесін басқару* өзінде, ең алдымен жүйе мен оған қатынасушы субъектілердің өзара әрекеттесуін және олардың өзара ықпалдасу процесін басқаруды қарастырады. Бұл субъектілердің мақсатты анықтау процесіне, ортақ шығармашылық әрекетке, ұжым өмірінде туындайтын тұлғааралық және топтық қарым-қатынасты жетілдіруге белсенді қатысу жолдарын іздестіруді талап етеді.
- Олай болса, педагогикалық әдебиеттерде «тәрбие жүйесі – тұлғаның рухани және адамгершілік жағынан қалыптасуы мен шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік шындық компоненттерінің тобы (В.С.Кукушин)
- Немесе «тәрбие жүйесі – жалпы нәтиже беретін тәрбие процесінің тәртіпке салынған компоненттерінің жыйынтығы» (Евтушенко С.В.) ретінде, сондай-ақ «тәрбие жүйесі – бұл педагогикалық тұрғыдан тәрбиелік әрекетті сипаттайтын тәртіпке салынған өзара байланысты компоненттердің жиынтығы» деп те қарастырылады (Г.М.Афонина).

- Л.И. Новикова, Н.Л. Селиванова және т.б. тәрбие жүйесінің құрылымына өзара байланысты 4 компоненттердің жиынтығын қарастырады: *басқару, мазмұн, ұйымдастыру, қарым-қатынас*.
- Л.А. Байковой, Л.К. Гребенкиной және т.б. пікірінше тәрбие жүйесін **басқару** – бұл «мақсат қоюда, оған жету жолдарын анық белгілеуде (стратегия), іс-шараны ұйымдастыруда (тактика), нәтижелерді бақылау және бағалауда **өнер**».
- Осылайша **тәрбие жүйесі** мақсаттар, ұжымдық қатынастар, шығармашылық істер, тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен тәсілдерінің бір-бірімен өзара тығыз байланысты *жиынтығы* ретінде қарастырылады.

- Тәрбие жүйесін басқарудың негізгі **қызметіне** жатады:
- - тәрбие процесі және оған қатысушылардың әрекетін диагностикалау;
- - оқу-тәрбие процесінің тұтастығын қамтамасыз ету (ондағы мақсат, мазмұн, формалар және әдістер);
- - оқу-тәрбие процесіне қатынасушылардың өзара даму, шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру;
- - мектеп, отбасы және жұртшылықтың бала тәрбиесіндегі тығыз қарым-қатынасын орнықтыру;
- - үлкендер мен балалардың өзара қарым-қатынасын ізгілендіру.
- Тәрбие жүйесінің **мазмұны** 2 аспектіні қарастырады:
- - ғылыми білімдер, көзқарастар, құндылықтар және тәрбие мазмұнында қарастырылатын компоненттер;
- - тәрбие мазмұнын, қалыптасқан әлеуметтік тәжірибелерді меңгертудегі әртүрлі іс-әрекеттер.

- Тәрбие жұмысын **ұйымдастыру** – бұл жүйедегі барлық компоненттер мен оған қатынасушылардың іс-әрекеттерін тәртіпке келтіру немесе реттеу, ол өз кезегінде оның мақсатын қоюда, қызыметін және дамуын үйлестіруге мүмкіндік береді. Тек ұйымдастырудың арқасында ғана тәрбие жүйесінің барлық құрылымдары қалыптасады: басқару құрылымы, педагогикалық әрекеттің құрылымы, ұжымдағы қарым-қатынас құрылымы және т.б.
- Тәрбие жұмысын **реттеу** жүйеге іштен немесе сырттан ықпал ету барысында болуы мүмкін. Сонымен бірге, тәрбие жүйесі өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті болып келеді. Басқаша айтқанда, белгілі бір жағдайда жүйе жаңа құрылымды және құрылым жаңа элементтерді тудыруы мүмкін.

### 3. Тәрбие жүйесін құру және дамыту міндеттері

- Бүгінде тәрбие процесін іс жүзінде белгілі бір *жүйе* арқылы құру нәтижелі болады. Бұл *мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі буыны болып табылады*. Соған орай белгілі танымал ғалымдар В.А.Караковский, Л.И.Новикова, Н.Л.Селиванова әдістер, амал-тәсілдер, құралдар қандай да бір қызығарлықтай (заманчивый) болмасын, тәрбие жүйесі болашақта педагогиканың ең көп тараған негізгі ұғымы болады деп санайды. Бұл жүйеде педагог қаншалықты дарын иесі болмасын, ол жалғыз, тек *пікірлес ұжым* ғана (коллектив единомышленников) жүйені құрады және оны дамытады [2,С.356]. (Маленкова Л.И.) Сондықтан да **тәрбие жүйесінің өзегі тәрбиелеуші ұжым** болып табылады.
- Бұл жүйеде педагогтар мен оқушылар ұжымы өмір сүреді. Педагогтар ұжымы – жүйені басқарушы, ал оқушылар ұжымы – жүйедегі басқарылушы объект және субъект ретінде танылады.

- Тәрбие жүйесін құрудағы негізгі *мақсат* – **баланың өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі жүзеге асыруы** үшін жағымды ортаны қалыптастыру.
  - Тәрбие жүйесін құру және дамытуда бірнеше *міндеттерді* жүзеге асыру қажет.
- 1) Балаларда әлем жайында біртұтас және ғылыми тұрғыдан дәлелденген көзқарастарды қалыптастыру. Балалар бұл тұтастықты өздері жете түсінуі және нақты сезінуі шарт.
  - 2) Балаларда азаматтық сананы дамыту. Бұл, өз кезегінде елдегі жүріп жатқан түрлі жағдайлар мен құбылыстарға жауапкершілікпен қарайтын азаматты тәрбиелейді.
- 3) Балаларды жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруге тарту және оларда оған барабар мінез-құлық қалыптастыру.
  - 4) Тәрбие жүйесінде маңызды бір міндет – тұлғаның шығармашылық күшін дамыту.
  - 5) Балалардың өздерін және өз мүмкіндіктерін іске асыру және өзін-өзі көрсете білуіне барынша көмектесу.



- Тәрбие жүйесін бұлай құру ерекшелігі *субъект* ретінде барлық жағдай тек *бала үшін* жасалынады.
- Тәрбие жүйесін құрудағы нәтижелік – бұл *мақсатты* айқын анықтаумен байланысты болады.
- Мақсаттың нәтижелі болуы тек *іс-әрекетке* байланысты анықталады. Іс-әрекет тәрбие жүйесінің біртұтастығын қамтамасыз етеді. Ол екі блоктан – дидактикалық блок және тәрбие жұмысының блогынан тұрады. Бұлар жүйекұрушы әрекет деп аталады (*танымдық, еңбек, спорт, көркемөнер, шығармашылық және т.б. әрекеттер*). Жүйекұрушы әрекеттер оқушы тұлғасының дамуын қамтамасыз етеді.
- Жүйенің іс-әрекетке апаратын маңызды элементтерінің қатарына оны ұйымдастыратын **формалар мен әдістер** де жатады.
- **Форма** (педагогика тұрғысында) – оқу-тәрбие процесінде өмір сүретін тәсіл, оның ішкі мәні, мазмұны мен логикасының сыртқы қабығы (оболочка); педагогикалық процесті барлық компоненттерінің бірлікте аяқталуы. Форма ең алдымен *оқушылардың санымен* (жеке, топтық, ұжымдық), *уақытпен* және *оқу-тәрбие процесінің орнымен* (өткізіліп отырған), оны жүзеге асыру *тәртібімен* байланысты қарастырылады.

- *Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формасы* – бұл соның шеңберінде жүзеге асатын тәрбие процесі; тәлімгерлердің ұжымдық және жеке-дара әрекетін мақсатты ұйымдастырған жүйесі; ұйымдастырылған нақты актілердің (бөлік), жағдаяттардың белгіленген тәртібі, белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған тәрбие процесіне қатынасушылардың өзара әрекеттесуінің тәртібі (процедурасы);
- Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формасы **жіктеледі**:
- 1) *тәрбие жұмысының бағытына байланысты*: адамгершілік, эстетика, дене және т.б тәрбие салаларын ұйымдастыру формалары;
- 2) *тәрбие жұмысына қатынасушылардың санына байланысты*: жеке-дара, топтық, ұжымдық формалар;
- 3) *кез келген тәрбие жұмысының мазмұнына байланысты жалпы формалар* (лекция, кездесу, кеш, мәден жорық, ертеңгіліктер, сайыстар, көрмелер, даталы күндер, мейрамдар және т.б.

- **Әдіс** – (грек тілінде *metodos* – таным немесе зерттеу жолы) – белгілі бір нақты міндеттерді шешуде, практикалық немесе теориялық ақиқатты меңгеруде бірыңғай, біртектес амал-тәсілдердің, операциялардың жиынтығы. Форманы қарастырғанда әдіс оның ішкі құрылымында тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттерін, соған сәйке мазмұнын жүзеге асырудың бірыңғай амал-тәсілдерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Педагогика ғылымында тәрбие және оқыту әдістеріне қатысты мәселелерін талдау, зерттеу, жіктеу (классификация) жұмыстары оның негізгі буын болып саналады.
- Тәрбие жүйесі, сонымен бірге **ортамен** де өзара байланыста құрылады. Өйткені тәрбие тұлғаның нәтижелі дамуына ықпал ететін *тәрбиелеуші ортаны құрудан* басталады. Олардың қатарына *табиғи және әлеуметтік орта* жатады.
- Демек, тәрбие жүйесінің барлық элементтері жүйекұрушы әрекетте өзара тығыз байланыста болады.

- Тәрбие жүйесін құруда төмендегідей **принциптер** басшылыққа алынады.

- 1) жүйелік принципі;
- 2) объективтілік принципі;
- 3) оптималдық принципі;
- 4) нәтижелілік принципі;
- 5) мақсаттың нақты болу принципі;
- 6) мәліметтердің дәлдігі принципі;
- 7) кері байланыс принципі;
- 8) демократилық принцип;
- 9) тәртіптілік принципі;
- 10) ынталандырушылық принципі;
- 11) бастамашылықты марапаттау принципі.

- Тәрбие жүйесінің **даму** процесі сипатталады:

- а) әр түрлі идеялардың тууы және жоғалуы;
- ә) әр түрлі іс-әрекеттердің пайда болуы;
- б) ұжымның қалыпты өмір сүруі немесе күрделенуі.

- Тәрбие жүйесін **басқару** мәселесіне келсек, онда ол 3 аспектіден құралған.

1. Жүйенің даму процесін басқару.

2. Жүйенің біртұтастығын бекітуге бағытталған басқару.

3. Балалар мен үлкендердің ұжымдық қарым-қатынас жүйесін басқару.



#### *4. Тәрбие жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері, олардың ерекшеліктері. Тәрбие жүйесінің қалыптасу деңгейін анықтау өлшемі*

- Тәрбие жүйесі статистикалық, бір ғана немесе мәңгілік қалыптасқан құрылым болмайды. Ол үнемі өзгереді, дамиды. Оны дамытудағы бірден-бір мақсат - тәлімгерлердің тұлғасын жан-жақты дамыту қажеттілігімен байланысты қарастырылады. Әртүрлі тәрбие жүйесін дамыту бірнеше кезеңдермен жүзеге асыруда мүмкін болмақ. Сондықтан да тәрбие жүйесін қалыптастыру процесі әрі ұзақ және ол жекелеген кезеңдерден тұрады. Олардың қатарында міндеттер, әрекет түрлері, ұйымдастыру формалары қарастырылады.
- *Бірінші кезең – жүйенің құрылуы.* Ондағы негізгі мақсат – жаңа педагогикалық жобаны құру, пікірлес ұжымды қалыптастыру. Соған сәйкес, онда белгілі бір әрекеттің түріне қатысты адамдарды көптеп тарта бастайды. Содан кейін біртіндеп дәстүрлерді және оған қатысушы тараптардың өзара әрекеттесу тәсілдерін, құндылық бағдарды қалыптастыра бастайды. Бұл жағдайда *жүйені тәртіпке салу жұмысы басымдық танытады.* Жаңа мен ескінің арасында күрес болып тұрады. Бұл кезеңде жүйенің қоршаған социуммен өзара әрекеттесуі *стихиялық* (бей-берекеттілік) жағдайда болады.

- Саналы, мақсатты түрде мәдени ортаны меңгеру процесі өз дәрежесінде орнықпайды. Жалпы алғанда, жүйенің құрылымындағы компоненттердің бір-бірімен өзара ішкі байланыс әлсіздігімен сипатталады.
- Ол үшін, ең алдымен мектептің жағдайын зерттеуден бастаған жөн: оқушылар мен педагогтардың қызығушылығы мен қажеттілігін, іс-әрекетке қатысушы барлық субъектілердің шығармашылық мүмкіндіктерін, педагогтар мен оқушылар ұжымының даму деңгейін, олардың өзара қарым-қатынасының сипатын және т.б. Онда педагогиканың әртүрлі зерттеу әдістерін пайдаланады. Мәселен: бақылау, әңгімелесу, сауалнама, жүргізу, мектептің іс-қағаздарымен танысу және т.б. Олардың нәтижесіне талдау жасап, сол кезеңдегі мектеп өміріне қатысты проблеманы және жүйе ретінде оның даму деңгейі мен бағытын анықтайды.
- Дегенмен жүйені құрудың бастапқы кезеңі тым созылып кетпеуі тиіс. Ол жоғары қарқынмен мектеп өмірін сапалы ұйымдастыруға ықпал етуі қажеттілігімен тығыз байланысты болғаны жөн.

- *Екінші кезең* – **мектеп өмірін тұрақтандыру**. Ол тәрбие жүйесінің құрылымы мен жүйекүрушы ұжымның іс-әрекетінің мазмұнымен байланысты анықталады. Бұл кезеңнің ерекшелігі: жүйедегі компоненттердің ішікі байланысы әлі де болса тұрақсыз болып келеді, бірақ, оларды тәртіпке салу процесі үнемі жүріп жатады. Мектеп әкімшілігі ұжымдық іс-әрекетте тәжірибе жинақтайды, әрекеттегі ең нәтижелі тәсілдер мен дәстүрлер бекітіледі. Бұл кезеңде мектептің оқу ұжымы мен өзін-өзі басқару ұйымдары, спорт, көркемөнер, техникалық шығармашылық, клуб жұмыстары саласында даму процесі анық қарқын ала бастайды. Ұжымда оқушы тұлғасын бекіту мүмкіндіктері кеңейеді, балалардың бір-бірімен бірігіп, уақыттарын мейлінше бірге өткізуге деген қажеттілігі, ата-аналардың мектепке, өз балаларына, мұғалімдерге көмектесуге (оқу кабинеттерін жабдықтау, бұқаралық шараларды бірге атқару, спорт, мәдени жорықтарды бірге ұйымдастыру және т.б.) талпыныстары артады. Балалардың мектепішілік іс-шараларға қатысуына қызығушылықтары біршама күшейеді.



- *Үшінші кезеңде* тәрбие жұмысының жүесін құру аяқталады, оның компоненттерінің ішкі байланысы тұрақтанады, мектеп өмірі тәртіпке келеді, оқу-тәрбие жұмыстары қабылданған ережеге сәйкес атқарылады. Кірігу процесі күшейеді, нәтижесінде бұл процесс оқушылар ұжымның *оқу және оқудан тыс әрекеттерін* толыққанды қамтыйды. Соның негізінде мектеп ұжымы жаңа сапаға көтеріледі. Ол көбінесе оқушылар мен мұғалімдердің, оқушылар мен ата-аналардың, мұғалімдер мен ата-аналардың тығыз қарым-қатынасының жалпы мақсатқа және жалпы жауапкершілікке бағытталған шығармашылық әрекеттерімен сипатталады.
- Бұл кезеңнің негізгі бір маңызды ерекшелігі оқушылардың *ұжым болып шығармашылықпен өзара жұмыс істеуінің басымдылық жағдайда* болуы. Мәселен, ұжымдық шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруда:
- - белгілі бір әрекетке дайындық жұмыстары; әрекетті жоспарлау; өзара іс-қимыл; шараны өткізу; шараның нәтижесін қорытындылау және т.б. жұмыстары тек балалардың өзара бірлескен ұжымдық шығармашылық белсенді әрекеті негізінде атқарылады.

- Бұл кезеңде оқушылар ұжымының дамуына, оқушы тұлғасының сапалық қалыптасуына және мектепті педагогикалық-психологиялық тұтастай білім тұрғысынан басқарудың рөліне мән берілуі айрықша артады. Мұғалімдер тәжірибе жинақтау барысында *тұлғалық-бағдарлық* ұстанымды өз дәрежесінде меңгереді.
- Нәтижесінде оқушылар жүйені басқаруға көптеп қатыса бастайды. Жүйені басқарудың әкімшілік формасы жойылады. Өзін-өзі басқару және өзін-өзі реттеу процессі күшейеді.
- Тәрбие жүйесін **басқару** өзінде қарастырады:
- тәрбиелік шаралардың нақты бір формасын таңдау;
- шаралардың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- шараларды өткізуге ынталы топ пен оқушыларды таңдау;
- ынталы топпен бірігіп тәрбие жұмыстарын жоспарлау;
- шараларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын ынталы топ мүшелеріне бөліп беру;
- шараларды өткізуге дайындық жұмыстары;

- сынып жетекшісінің тәрбие шараларын дайындауда оқушыларға ақыл-кеңес беруі;
- ынталы топпен бірігіп шараларға дайындықты тексеру;
- тәрбиелік шараларды өткізу;
- оқушылармен бірігіп өткізілген тәрбиелік шараларға талдау жасау;
- алдағы жұмысты жоспарлау.
- Тәрбие жүйесінің қалыптасу деңгейін анықтау **екі өлшем**, яғни *факт* және *сапа* арқылы жүргізіледі. Бірінші өлшем тәрбие жүйесінің қалыптасқан немесе қалыптаспаған жағдайын анықтауға мүмкіндік берсе, ал екіншісі – оның деңгейі мен нәтижесін анықтайды.
- *Бірінші өлшемнің көрсеткіші* болып танылады:
- мектептің өмір сүру әрекетінің талапқа сай келуі (оқу-тәрбие жұмысының мазмұны, көлемі және сипаты, мүмкіндігі және жағдайы);
- бірыңғай мектеп ұжымының қалыптасуы;
- тәрбиелік ықпалдың болуы, педагогикалық күштердің шоғырлануы.

- *Екінші өлшемнің көрсеткіші:*
- тәрбиелік жүйе негізіне кіретін педагогикалық тұжырымдамалар, идеялар және ұстанымдарды жүзеге асыруда қойылған мақсаттың жуықтау деңгейі;
- мектепте жалпы психологиялық жағымды көңіл-күйдің, жүйедегі субъектілердің өзара тығыз қарым-қатынасының болуы және олардың әлеуметтік қорғалу жағдайы;
- оқушылардың тәрбиелік деңгейі, өзінің беделін сезінуі т.с.с.
- Бұндай өлшемдер мектептің тәрбие жүйесінің дамуына қатысты нақтыланып отырады.
- Дегенмен, қазіргі тәрбие жүйесін нәтижелі дамытудың маңызды *өлшемі* ретінде **тұлғаны дамыту** идеясы болып табылады.
- Тәрбие жүйесінің **белгілері** ретінде *құзырлық* (компонентность), *құрылымдық* (структурность), *көпдеңгейлік* (многоуровневость), *себепшілдік* (обусловленность) және олардың өзара *байланыстылығы* (взаимосвязанность) саналады.
-

## 5. Педагогика тарихында тәрбие жүйесінің жан-жақтылығы

- Қазіргі педагогикалық ақиқаттың феномені ретінде біртұтас педагогикалық процесте тәрбие процесін жүзеге асыратын, *тәрбие жүйесі* танылады. Бұл, ең алдымен педагог-новаторлардың (Щетинин, Тубельский, Захаренко, Тарасов және т.б.) авторлық мектептері. Бүгінде олар құбылыс ретінде *гуманистік тәрбиенің* негізін құрайды.  
**Гуманистік**
- – бұл Адамды жоғары құндылық ретінде тануды қарастыратын дүниетанымдық ұстаным. Гуманизм болмаған жерде өмір жоқ және өмірдің бақытын ойлаудың қажеті болмайды (Н.Е.Шуркова).
- Бүгінгі таңда көпшілік мектептерде тәрбие жүйесінде авторитарлық, әкімшілік жүйе сақталып отыр. Олардың жұмыстары жоғарыдан берілген нұсқаулар, бұйрықтар негізінде атқарылады. Бұл жағдайда шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтардың ізденістері ескерілмейді. Олар әкімшілік тарапынан қарсылықтарға тап келіп отырады.

- Дегенмен педагогика тарихында тәрбие жүйесінің көптеген түрлері қалыптасты. Атап айтсақ, С.Т.Шацкий, С.М.Ривеса және Н.П.Шульман, М. М.Пистрака, В.Н.Сороки-Росинский, А.С.Макаренко, С.Френе, Я.Корчак, В. А.Сухомлинский, Ф.Ф.Брюховецкий, А.А.Захаренко, В.А.Караковский, А.Н. Тубельскийлер құрған жүйелерінің маңызы ерекше болды.
- Бұған қосыша «әділдікке бірлескен» (справедливыми сообществами) Вальдорф, Кольберга мектептерін және Англиядағы А.Нилла мектебін атауға болады.
- Педагогика ғылымының пайда болуы мен даму тарихында көптеген тәрбие жүйесі пайда болды. Олар философиялық, әлеуметтік және психология-педагогикалық тұжырымдамаларға негізделді. Солардың кейбіріне тоқталайық.
- Ерте дәуірдегі бізге жеткен тәрбие жүйесіне қатысты жекелеген идеялар және бағыттар грек қалалары мен мемлекеттерінде, Спарта мен Афинада құрылып, солардың экономикалық және саяси құрылымдарының ерекшеліктерін бейнеледі.

- **Спартаның тәрбие жүйесі** тәні мен жаны мықты әскерилерді даярлауды мақсат тұтты. Оны мемлекет өз мойнына алып, 3 кезеңде жүзеге асырды.
- Бірінші кезеңде (7-15 жас аралығы) балалар оқу мен жазуға және денесін шынықтыруға (жалаң-аяқ жүруге, жұқа сабанның үстінде ұйықтауға) дағдыланды, ауыр дене сынынан өтті, нәпсіден тыйылушылық (аскетизм), аз сөйлеу, қатаң бақылау және тәртіпке үйретілді.
- Екінші кезеңде (15-20 жас) жастар оқу-жазудан бөлек өлең айту және музыканы меңгерді, аштық пен дене ауыруын көтеруге, өз бетінше тамақ тауып жеуге үйретілді, құлдарды жазалауға қатысты, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі тәртіпке шақыруға дағдыланды.
- Үшінші кезеңде (20-30 жас) олар біртіндеп әскери қауымдастықтың толыққанды мүшесі мәртебесіне ие болды. Бұл кезеңде олар найзаны, қылышты және т.б. қару-жарақ түрлерін жетік меңгеруі, сондай-ақ мемлекеттің қажеттілігіне берілгендік және кез-келген уақытта өзінің әскери міндетін атқаруға, өзінің өмірін қиюға даяр болуы тиіс болды.

- Спартаның тәрбие жүйесі өзінен кейінгі дәуірлерде, әсіресе әскери оқу мекемелерінде еліктеу мәртебесіне ие болды.
- **Афинаның тәрбие жүйесінде** тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамытуды өзінің мақсаты етіп ұстанды. Оның көрсеткіші ретінде гимнастикадан, биден, саздан, ауызша айтыстан жарыстарда жеңіске жету деп санады. Соған сәйкес жүйе кезең-кезеңмен жүзеге асырылды.
- Бірінші кезеңде (7-16 жас) балалар бірмезгілде саз және гимнастика мектептеріне қатысты. Онда олар әдеби, саз және әскери-дене тәрбиесін алды.
- Екінші кезеңде (16-18 жас) жастар гимнастикадан, шешен сөйлеуден және пікір сайысынан өздерінің білімдерін және тәрбиесін жетілдіреді.
- Соңғы кезеңде (18-20 жас) жастар әскери шеберліктерін жетілдірумен қатар шешендік өнерімен, философиямен айналысу міндеттелді.



- Афинаның тәрбие жүйесі «адамгершілік жиынтығын» (совокупностью добродетелей – рақымшылдық) меңгеруге бағытталған. Нәтижесінде олар «жеті еркін өнерден» (семь свободных искусств): грамматика, диалектика, аузша айтыс (искусство спора) өнері, арифметика, геометрия, астрономия, саздан танымал болды. Бұл бағдарлама тарихқа гректік білімділіктің белгісі ретінде енді.
- **Еуропада VI-XV ғ.ғ.** тәрбие жүйесін қалыптастыруға *діни дәстүрлер* ықпал етті (православие, мұсылман, будды, иудей), солардың негізінде тәрбие міндеттері болып адамның жер мен көктің арасындағы үйлесімділікке қол жеткізуі саналды. Бұндай тәрбиенің мазмұнын адамның жақсылық пен жамандыққа байланысты мәңгілік көзқарасын бейнелейтін дінге бағытталған адамгершілік нормалары құрады.
- Осы орта ғасыр дәуірі кезеңінде *рыцарлық тәрбие жүйесі* параллельді өмір сүрді. Онда өзін құрбан ету, діни оқу, ар-намыс кодексін сақтау секілді діни нормалар қарастырылды. Рыцарлық тәрбие жүйесінің мазмұнының негізінде найзаласу, фехтования, аттың үстінде жүру, суға жүзу, аң аулау, шахматта ойнау, өлең айту және саз аспаптарында ойнау секілді «жеті рыцарлық қайырымдылық-қайырымдылық» («семи рыцарских добродетелей») бағдарламасы қарастырылды.

- Рыцарлық тәрбие жүйесі 7 кезеңнен тұрды. 7 жасқа дейін бала үй тәрбиесін алды. 7-ден 14 жас аралығында феодалдық қоғамдағы атақты ерлі-зайыптыларға қолбала болып қызмет етті және сарай өміріне қатысты белгілі бір дәрежеде білім алып, тәжірибе жинақтады. 14 жастан бастап 21 жасқа дейін жастар рыцарлар арасында қару-жарақ асу мәртебесіне ие болып, «махаббаттың, соғыстың және діннің бастамасын» («начала любви, войны и религии») меңгерді. 21 жасты рыцарлыққа арнап, соның барысында дене, әскери және адамгершілік тұрғыда ер жету, турникте, жекпе-жекте өнер көрсету сынағынан өту міндеттелді.
- Италияның педагогы **Мария Монтессоридің** (1870-1952) тәрбие жүйесі еркін тәрбие және бала-бақша мен бастауыш мектепте баланы ерте жастан дамыту идеясы негізінде жасалған. Оның пайымдауынша, тәрбиенің негізгі міндеті баланың өз бетінше дамуына *табиғи ықпал ететін ортаны қалыптастыру*. Ол балада бар табиғи күшті жүзеге асыру үшін қажет деп санады. Мәселен, ол баланың тұлға ретінде қалыптасуын сырттай басқаруға қарсы бола отыра, оның «өзін-өзі тәрбиелеу және өздік білім алуына» жағдай жасау қажет деп есептейді.

- Соған сәйкес ондағы тәрбие жүйесінің концептуалдық ережесі төмендегідей болды:
  - 1) білім беру және тәрбиелеу тұлғаның дамуына сәйкес табиғи жағдайда өтуі тиіс. Өйткені бала өзін-өзі дамытады;
  - 2) тәрбие жүйесінің үндеуі (девиз) баланың педагогқа «Маған бұны жасауға көмектес» деген талабы болуы тиіс;
  - 3) баланың барлық өмірі – туғаннан азаматтық есею жасына дейін - оның тәуелсіз және өз бетінше дамуы болады;
  - 4) тәрбиені ұйымдастыру жағдайында сыртқы әсермен болмаған дамуды, жеке-даралық және әлеуметтік дамудың бірлігін есепке алу қажет;
  - 5) баланы оқытпау керек: өз бетінше дамуына және адамзаттың мәдениетін меңгеруіне жағдай жасау қажет
  - 6) баланың санасы «сіңіруші» («впитывающим») ретінде болады, сондықтан тәрбиедегі негізгі міндет «сіңіру» үшін қоршаған ортаны ұйымдастыру қажет және т.б.
- М. Монтессоридің негізгі еңбектері: «Балалар үйі» және «Ғылыми педагогиканың әдісі».

- Тәрбие жүйесін құруда авторларының ішінде алғашқылардың бірі болып ағылшын философы және педагогі **Джонн Лок** (1632-1704) саналады. Оның жүйесінің ерекшелігі, *джентельменді* тәрбиелеуді қарастырады. Джентельменнің тәрбиесіне қатысты өзінің көзқарасында - өзіне сенімді адам, кең тұрғыдағы білім мен біліктілік сапаның үйлесімдігі, адамгершілік сенім мен әсем манерада (манера – үлгі – өзін-өзі ұстау манерасы) табандылықтың болу керектігін білдірді.
- Бұл жүйе ХҮІІІ-ХХ ғ.ғ. бастыстың дәстүрлі білім беру-тәрбиелеу жүйесінің негізін құрады.
- Д. Локк назарды негізінен *тәрбие теориясына* аударды. Оның «Тәрбие жөніндегі ойлар» (1693 ж.) және «Ақылды тәрбиелеу туралы» еңбектерінде тәрбиенің психологиялық негіздеріне үлкен мән беріп, адамгершілік тәрбиесін қуаттады. Балаларда *туа біткен қабілет бар* деген идеяға қарсылық білдірген, ол *тәрбиенің құдыретті күшін* көрсете отыра, оларды не болса соны жазуға болмайтын «*таза тақтаға*» салыстырады. «Адамның жаны – бір де бір идея мен белгілерсіз таза тақта. Оны тәрбие арқылы толтыру қажет» - деген көзқарасын білдіреді.

- Сондай-ақ, ол тәрбие процесінде **ортаның** маңызына да аса мән берген. Локк бойынша тәрбие идеалы (мұраты) жоғары білімді және іскер адам саналды. Ондағы тәрбиенің компоненттері болып: 1) дене тәрбиесі, бұл мінез-құлықты тәрбиелейді және ерік-жігерді дамытады; 2) адамгершілік тәрбиесі, бұл жақсы манераны қалыптастырады; 3) еңбек тәрбиесі, бұл экономика және ауылшаруашылығы, кәсіппен айналысуға қажет білімдерге негізделген; 4) оқуға қызығушылықты дамыту, оның теориялық бағыттылығы мен практикалық сипаты болуы тиіс.
- Немістің философы және педагогы Рудольф Штейнердің (1861-1925) тәрбие жүйесі, бізге белгілі *вальдорф педагогикасы* ретінде («Вальдорф-Астория фабриканың негізінде құрылған мектеп) **еркін тәрбие** теориясына негізделе құрылған. Ол тұлғаның өзін-өзі тануы және дамытуына бағытталған жүйе ретінде сипатталуы мүмкін. Бұл жүйе адамның жаны мен тәнінің үйлесімдігін сақтай отыра, оқушылар мен мұғалімдердің өзара бірлескен әріптестігі жағдайында жүзеге асырылады.

- Вальдорф мектебінің тәрбие жүйесі адамның интелектілігі (дух) мен тәнін (телo) және жанын (душа) (ақыл-ой, дене, адамгершілік тәрбиесі) бірмезгілде дамытумен ерекшелінеді. Бұл жүйенің негізін міндетті жауакершілікті қарастыратын *еркіндік принципі* басты ұстаным болып саналады (Мысалы, балаға өзіндік өмір жолын таңдауға, өзіндік қабілет, қасиеттерін ашуға көмектесу және т.б.). Мектепте директор болмайды, ондағы негізгі мәселелерді шешуге ата-аналар тартылады. Сонымен бірге, оқытуда жалпы оқу жоспарлары, оқулықтар, әдістемелер болмайды. Керісінше мұғалімдерге оқытудың мазмұнын, формалары мен амал-тәсілдерін таңдауға кең көлемде еркіндік беріледі. Өйткені бұл мектептің педагогтары ерекше тұлғалы, жоғары білімді, көп оқыған, тамаша дайындықтағы мамандар болды. Оларға тән қасиеттер:
  - 1) оқытудың негізгі құралы ретінде айқын, жанды сөзді, ырғақ, табиғи материал, ойынды, шығармашылық әрекетті таңдау;
  - 2) өздерінің «Я»-сын түсіну және дамытуды ынталандырушы ретінде балалардың жеке-дара ерекшеліктеріне, олардың ішкі жан күйзелісіне арқа тұту;
  - 3) балаларда сезім, шығармашылықпен құру, табиғатты танып білу, мәдениет пен өнерді қабылдау қабілеттерін дамытуға бағыт ұстану;

- 4) оқытуда баға қоймау, өйткені педагог оқушылармен бірге қойылған сұрақтардың жауабын іздейді;
- 5) еркін қарым-қатынас жасау мақсатында оқушыға кеңес-пікір білдіру түрінде көмек беруге тырысу.
- Өткен ғасырдың 20-30 жылдары Францияда атақты француз педагогы және философы, Ванс ауылдық жердің мұғалімі **Селестен Френе** (1896–1966) провинцияларда (ауылдық жерлер) *бастауыш мектептің педагогикалық жүйесін* құрды.
- С.Френе негізінен **«еркін тәрбие»**, **«еңбек мектептері»**, ХХ ғ. басындағы **«өзін-өзі басқару идеяларын»** қолдады. Оның пікірінше *бала өзінің тұлғасын өзі жасауы міндетті, шығармашылықпен өзін дамытуы қажет, өзінің потенциалдық күшін өзі ашуы және өзін-өзі жүзеге асыруы тиіс* деп санады. Ал педагогтың қызметі балаға өзіне тән дүниелерді ашуға және дамытуға көмектесу. Осыған сәйкес Френе тұлғаның білім алатын және өзін-өзі дамытатын **ортасын құруға** аса көңіл бөлді.

- Кейбір философиялық және педагогикалық еңбектерінде ол «балалардың қорығы» («детского заповедника») жайында үлгіні жазды және оны іс жүзінде жүзеге асырды. Ондағы негізгі идея – тәрбие мақсаты «парасатты ұйымдастырылған қоғамда баланың тұлғасын ең жоғары дәрежеде қалыптастыру, ол оның өзіне және оның өзі оған қызмет етеді» деген пікірді ұсынды.
- Бастауыш мектептің педагогикалық жүйесінде оқу және тәрбие, мектеп баспаханасы ұйымдастырылды. Баспаханада оқушылар «еркін мәтіндерді» (тексттерді) және дидактикалық карточкалар мен газеттерді басып шығарды.
- С.Френе дидактикалық карточкаларды оқулық ретінде пайдалануды ұсынды. Онда, оның пайымдауынша, меңгеруге, жаттығу жасауға, тапсырмалар орындауға қажетті материалдар бар деп есептеді. Еркін мәтін – С.Френе мектебінің негізгі оқу әдісі болды: оқу материалдары бойынша оқушылардың шығармалары, тілде жаттығу, бастауыш ұрпақ үшін оқу мәтіндері. Әрбір оқушы мұғалімнің көмегімен оқу үшін өзінің карточкаларын құрады. Мәтіндер, карточкалар, баспаханалар оқушыларды белсендірді, жаттап алудан алып кетті, интеллектуалдық және әлеуметтік белсенділікті оятты.



- С.Френе мектебінде мектеп кооперативі, өзінше мектеп кеңесі, өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс істеді. Оқушылар **өзіне-өзі қызмет жасады**, шаруашылық істерімен айналысты, мектепке және сатуға заттар әзірледі. Кооператив кеңесі мектептің барлық тәртібіне жетекшілік етті, демократиялық бастама негізінде әрекет жасады. Әрбір сенбі сайын кооперативтің жиналысын өткізіп отырды. Онда кооператив өміріне қатысты барлық сұрақтар талқылып отырды. Мәселен, ол өзіне тән ерекшелігі бар төрт колонкалы Френе газеті арқылы жүзеге асырылды. Оған кооператив мүшелерінің әрқайсысы «мен сынаймын», - «мақтаймын» - «мен қажет етемін» - «мен істедім» деген секілді колонкаларға запись жасауға мүмкіндік алды. Оларды ұжым болып талдау, шешім қабылдау, ынталандыру, жазалау тәрбиенің күшті құралы болды.
- Қазіргі кезде Францияда С.Френенің тәжірибесін және жүйесін жалғастырушы қоғам бар.

- С.Френенің тәрбие жүйесінің концептуалды ережесі келесі *принциптерді* өзінде қарастырады.

- 1)тәрбие - табиғи жағдайдағы процесс,ол тұлғаның жас ерекшелігі мен қабілетіне сәйкес табиғи жағдайда өтеді;
- 2)тәрбие процесіндегі басымдылық тұлғааралық қарым-қатынас және құндылық бағыттылық болады;
- 3)қоғамдық пайдалы еңбек тәрбиенің және тұлға дамуының барлық кезеңдеріне міндетті;
- 4)тәрбие процесінде үлкен рөл мектептің өзін-өзі басқару қызметіне тиеселі;
- 5)тұлғаның эмоционалды және интеллектуалды белсенділігін мақсатты түрде дамыту қажет;
- 6)педагог ешкімді тәрбиелемейді, дамытпайды, керісінше балалармен тең дәрежеде жалпы мәселелерді шешуге қатысады;
- 7)балалардың әрекетінде қателік болмайды, керісінше білместік болады, оларды бірлесе отыра ұғынып алғаннан кейін, оны қайталап жіберіп алмау керек.

8)ғибаратты (өнегелі) тәртіп болмайды, өйткені түйсіктің (сезімнің) өзі өзіне тән (баланың) және ұжымдық қауіпсіздікті (собственной и коллективный безопасности) және бірлескен қозғалысты тәртіпке келтіреді.

- Орыстың атақты педагогы **Станислав Теофилович Шацкийдің** (1878–1934) құрған жүйесінде **мектеп, табиғи және әлеуметтік орта** өзара жарасымды әрекет ете отыра, оның педагогикалық теориясында ерекше орын алады.
- Оның педагогикалық әрекеті 1905 жылы Ресейде тұңғыш рет балалар және жас өспірімдер үшін құрған клуб жұмыстарынан бастау алады. Келесі кезеңде ол балалардың «Бодрая жизнь» («Сергек өмір») (1915–1917) атпен еңбек колониясын құрумен жалғасады, кейіннен халыққа білім беру бойынша Бірінші тәжірибелі станциясын құрады (1919–1932).
- С. Т. Шацкий «тәрбие жүйесінің дамытушылық ықпалы жоғары болады, егерде балалар қоршаған ортаны танып білуге және оны қайта жаңғыртуға белсенді қатысса» - деп есептейді.

- Тұлғаның өмір сүру әрекетінің әртүрлі салаларын – еңбек, дене, ақыл-ой, ойнау кеңістігі және т.б. - ұйымдастыра отыра, мектеп әлеуметтік-мәдени өзгерістер жасауда бастамшыл болуы міндетті, «қайта құру мақсатында өмірді тану және оған қатысу керек» деген идеясын ұсынады.
- Ол, тек еңбек қана «балалардың өмірін мәнді етуге және тәртіп енгізуге қабілетті болады» деген сенімін білдіреді және оны ұйымдастыруды келесі жағдайларды ескергенде ғана мүмкін болады деп санайды.
  - 1) еңбек балалар үшін қызықты болуы тиіс;
  - 2) еңбек балалар үшін тұлғалық және қоғамдық маңызға ие болуы тиіс;
  - 3) еңбек балалардың күшін және қабілетін дамытуға бағытталуы міндетті;
  - 4) еңбек балаларда іскерлік байланысты және әріптестік қарым-қатынасты дамытуға міндетті
- Шацкийдің педагогикалық тәжірибесінде тәрбие жүйесі біртұтас әлеуметтік-педагогикалық бірлік ретінде өмір сүрді, оның құрамына бала-бақша, бастауыш және орта мектеп, мектеп интернат, клуб және оқу залдары енді. Бұған қосымша зерттеу мекемелері мен педагог кадрлардың біліктілігін көтеру жүйесі де құрылды.

- Атақты педагог **А.С.Макаренконың** (1888–1939) **тәрбие жүйесі** кеңестік дәуірдің 20-30 жылдары Украин жерінде Полтавада М. Горький атындағы балалардың еңбек колониясы мен Ф.Дзержинский атындағы коммунада Ресейде кең көлемде – қараусыз қалған балалармен нәтижелі жұмыс жасау жолдарын қарастыру кезеңінде қалыптасты.
- Оның ерекшелігі: бұлар мектеп-интернат, мектеп-кешен түрінде; тәрбие жүйесі: оқу, еңбек, ұжымдық әрекет, өзін-өзі басқару, клуб жұмыстары негізінде өзара тығыз байланыста құрылды. Жүйекүруші факторлар негізіне ондағы тәрбиеленушілер ұжымының нағыз өндіріспен айналысуын және өзін-өзі басқаруын жатқызуға болады. Еңбек колониясында электр құралдарын және фотоаппарат жасайтын завод болды. Бұлар үлкендердің басшылығымен мектептегі жалпы білім беру саласымен қатар бастауыш кәсіби білім алуға мүмкіндік берді.
- А.С.Макаренконың маңызды жаңалығы - бұл *тәрбиеленушілердің жеке басын ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу, балалар ұжымын құру және дамыту* әдістемесін жасау болды. Ондағы тағы бір негізгі ерекшеліктер қатарына тәрбие жүйесінде балалардың жас ерекшеліктерінің әртүрлі болуы, комондирлер кеңесінің, өзара жауапкершіліктің, ұжымда өзін-өзі басқарудың, оның жоғары органы ретінде жалпы жиналыстың және т.б. элементтердің қалыптасуы.

- Бұлар педагогиканың классикалық жүйесі ретінде танылды.
- Макаренконың тәрбие жүйесіндегі басты ерекшелік тәрбиенің мақсаты мен құралдарының өзара диалектикалық байланыста болуы, олар өз кезегінде оның педагогикалық әрекетінде төмендегідей *принциптерден* көрініс тапты:
  - 1) тәрбиелік ықпалдастықтағы гуманизм «адамға соншалықты талап қоя отыра, оның жеке басын соншалықты құрметтеу»;
  - 2) тәрбиенің ұжымдық сипаты, балалар қауымдастығының барлық әрекетінің негізіне айналуы;
  - 3) «болашақ жүйенің болуы», яғни балалардың өмірін мәнді және «ертеңгі қуанышын» күттіретін жақын, орта, алыс мақсаттың болуы;
  - 4) қосықпалдастықтың болуы, онда балаға тек педагог қана ықпал жасамайды, сонымен бірге қоғамдық пікір негізінде оқушылар ұжымы да бір мезгілде ықпал ете алады;
  - 5) балалар ұжымының қолы жеткен нәтижеге қуаныш пен мақтаныш әкелуге қабілетті қызықты, қоғамдық маңызды пайдалы еңбекпен айналысуы;

б)балалардың қызығушылығына сай әртүрлі үйірмелердің жұмыстары негізінде олардың демалысын ұйымдастыру (хор, драма, дене, шахмат, би, әдебиет және т.б.).

- Бүгінде А.С.Макаренконың тәрбие жүйесінің көптеген салалары әлемдік педагогикалық іс-тәжірибелерде көптеп таратылуда.
- Сол секілді Москваның жүйелік, тәрбиедегі кешенділік, педагогикалық ықпалдастықтағы өзара әрекеттестік, ұжымдық шығармашылықтың басымдығы идеяланына негізделген **«Біз және мектеп» атты** біртұтас педагогикалық тұжырымдамаға бағытталған №825 әдеттегідей мектебінің тәрбие жүйесін мысалға келтіруге болады. Оның директоры танымал педагог-ғалым **В.А.Караковский**. Ондағы тәрбие жүйесінің негізгі ерекшеліктері:
- 1)жүйені ұйымдастыру құрылымына кіреді: **педагогикалық кеңес** (әкімшілік, мұғалімдер, жоғары сынып оқушыларының өкілдері) және **үлкен кеңес** (мектеп басшысы, педагогтар, 6-сыныптан бастап әрбір сыныптың өкілдері);

- 2) өзара әрекеттесу стиліне негізделген: балалардың мәселелерін шешуді бірлесе талдау, әрбір балаға тілектестік қарым-қатынас жасау, педагогтар мен оқушылар арасында дөрекіліктің, өткір үннің, даудамайдың болмауы, керісінше бір-біріне сыйласымдылық пен құрметтің, достық көңіл-күйдің болуы;
- 3) жалпы мектепшілік негізгі істер әркезде шығармашылықпен ұйымдастырылады (жоспарын құру, дайындық барысы және ұйымдастырылу кезеңі).
- 4) тәрбие жүйесінің негізгі өзегі **комунарлық жиын-коммунарлық қозғалыс** нормалары мен ережелері бойынша оқушылар көктем кезіндегі демалыс уақытының 3 күнін қала сыртына жорық жасап, оны жиын түрінде өткізеді. Онда кешенді шығармашылық істер атқарылады. Бұл оқушылар ұжымын біріктірудің және «**Біз**» деген сезімді терең ыждахатпен ұғынудың құдіретті тәрбие құралы болып табылады.



- Жиын балаларға ерекше эмоционалдык көңіл-күй сыйлайды, онда формальды емес қарым-қатынас орнығады. Ондағы көзделген негізгі мақсат – балалар арасында бір-біріне деген ерекше жылышырайлы қарым-қатынасты орнату, қоғамда қабылданған нормалар, құндылықтарды бекіту.
- Екінші ерекшелік, жүйе оқу жылының ішінде жалпы мектеп істерінде негізгі дәстүрге айналады: шығармашылық оқу, әндер және білім мейрамдарын ұйымдастыру және т.б ұйымдасқтыру. Оқушылардың сабақтан тыс демалыс әрекеті оқу процессімен өзара тығыз байланыста болады. Бұл жүйенің тағыда бір өзіне тән сипаты болып танылады. Бұндай өзара бірлестіктің жұмыстарын ұйымдастыру формасы болып «Робинзонда» танымдық ойыны, дидактикалық театр, қоғамдық эмитхан, білім аукционы, Ломоносов айлары, Холмгорға саяхат, ғылыми конференция, пәнаралық байланыс және т.б. табылды.
- Жүйені басқару ұйымын жылына 2-3 мәрте жыйналатын **Үлкен кеңес** (барлық сынып өкілдері), тұрақты немесе уақытша өзін-зі басқару ұйымы, кезекшілер комондирлері толықтырды. Яғни, *оқуда және оқудан тыс ұжымдық шығармашылық істер В.А.Короковский мектебінің тәрбие жүйесінің негізгі буынына айналған.* Жүйе 25 жылдан астам уақыт өмір сүруде.

- Москваның **А.Н.Тубельский** басқаратын №734 өзін-өзі басқару мектебінің тәрбие жүйесінің де өз ерекшеліктері бар. Мәселен,
  - 1) мектеп Жарғысы арқылы белгіленген «Құқығым бар» («Имею право») атты үндеуді басшылыққа алған оқушылар қауымында оқу және тәрбиенің негізгі мақсаты «балаға тұлға тұлға ретінде қалыптасуына және өзінің даралығын ұғынуына ықпал ететін жағдайды тудыру;
  - 2) мұғалімнің міндеті балаларда оқуға деген қызығушылықтар мен құштарлықты ояту. Бұл қатаң білім беру бағдарламасының болмауын, керісінше әрбір оқушының қызығушылығы, бейімділігі мен қабілетіне және білімді өз бетінше меңгеруге бағдарланған басымдықтың болуы нәтижесінде жетістікке қол жеткізуге болуына негізделген;
  - 3) мектептің барлық өмірі тәжірибелік алаңға айналған, әртүрлі пәндер бойынша берілетін сабақтар балалардың өз бетінше зерттеу жұмыстарымен айналысуына бағытталған, онда олардың өздері оның нұсқасын алға тартады, оның шешімін өздері іздестіріп және мәселені

- 4) шығармашылық әрекет оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жетекші рөл атқарған, ол мектептің «Фигурный листок» атты басылымында көрініс тауып отырған, кейбір міндетті пәндер және арнаулы курстар балаға жазба және ауызша жұмыстарына көмек көрсетуге бағытталған;
- 5) мектептің барлық өмір сүру әрекеті тең құқылыққа және ынтымақтастық педагогикасына негізделген, ол мектептің барлық субъектілеріне (мұғалімдер, оқушылар) міндетті ортақ ата заңымен реттеліп отырған.
- 6) мектеп оқушылары 5-сыныптан бастап мемлекеттік стандартта көрсетілген минимумға сәйкес өздері қалаған пәндерді таңдауға; сабақтарға ерікті түрде қатысуға және оқу бағдарламаларын өз уақытынан бұрын алдын-ала тапсыруға мүмкіндік беретін жеке жұмыс жоспарымен жұмыс істеуге; мектеп әкімшілігінің келісімімен мұғалімдерді таңдауға, тіпті олардан бас тартуға құқылы болған.
- Жоғарыда байқағанымыздай қазіргі педагогика ғылымында педагогикалық теория мен практика *тұлғалық-бағдарлық білім беру* талаптарын жүзеге асыруға бағытталған. Ондағы көзделген мақсат педагогтармен тәрбиеленушілердің біртұтас педагогикалық процестегі өзара бірлескен әрекеттерінде тұлғаның шығармашылық қабілеттері мен сапаларын тиімді дамыту.

- Қазіргі кезде мектептерде бұндай тәрбиелік жүйелер көптеп қалыптасқан. Әлемде 500-ге жуық вальдорфтік мектептер (олар біздің елде де ашылды) және 1000-ға жақын бала бақша бар. Бұл заңды құбылыс. Бұл негізінен мектепті басқарудың авторитарлық жүйесінен демократиялық жүйеге көшуімен байланысты қарастырылады. Соған орай әрбір мектептің тәрбие жүйесін құруда өзіндік бағыты мен іс-тәжірибесі болуы қажет. Оларға салыстырмалы түрде талдау жасау арқылы тәрбие жүйесінің бір-бірінен қалыптасуының айырмашылықтарын анықтауға болады. Мәселен,
  1. Әрбір тәрбие жүйесінің негізінде өздерінің ғылыми негізделген идеялары бар. Соған орай ондағы идеялар мен дәлелденген негіздер әр түрлі.
  2. Әрбір мектеп баланы дамытуға бағытталған, бірақта мақсатқа жетуде оның мазмұны, жолдары мен құралдары әр түрлі.
  3. Тәрбие жүйесі өзіне тән жүйекұрушы әрекетті анықтайды, бірақта олар әрбір тәрбие жүйесінде әр түрлі.
  4. Әрбір тәрбие жүйесі қоршаған ортамен өзінің ерекшелігіне сәйкес қарым-қатынас орнатады.
  5. Әрбір тәрбие жүйесіне тән жасаралық әріптестік балалардың, балалар мен үлкендердің бірлескен әрекеттерінде әр түрлі қалыптасқан.
- Бұлар әрбір мектептің тәрбие жүйесінің қалыптасуының негізгі *көрсеткіштері* болып, ондағы әртүрлі тәрбие жүйесінің құрылымын сипаттайды.

## *6. Тәрбиенің гуманистік жүйесі және оның негізгі міндеттері мен принциптері*

- Гуманистік педагогика - ХХ ғасырдың 50-ші жылдарының аяғында 60-шы жылдардың басында АҚШ-та пайда болған гуманистік психология идеясының қазіргі кездегі тәрбие теориясы мен тәжірибиесіндегі педагогиканы қайта жаңғыртуға бағытталған саласы. Оның өкілдері болып К. Роджерс, Р. Барт, Ч. Ратбоун мен т.б. жатады. Аталған педагогикалық бағыттың негізгі тенденциясы - білімге тұлғалық-бағдарлық қасиет беруге талпыныс, оқуда және тәрбиеде авторитаризмді жою, оқушылардың білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру процесін репродуктивті және шығармашылық әрекеттерін эмоционады етіп жасауды көздейді.
- **Гуманизм** - (лат. humanus – человеческий, свойственный человеку, человеколюбивый – адамшылық, адамға тән, адамшылығы бар) ертедегі ойшылдар мен педагогтардың құнды еңбектерінен бастау алады. Олардың қатарында Демокрит, Сократ, Платон, Аристотель, Плутарха, Сенеки, Квинтилиана, Тертуллиана, Августина, Аквината және т.б. жатқызуға болады. Оның дамуына маңызды үлес қосқандар батыстың танымал педагог-ағартушылары Я. А. Коменский, Д. Локк, Ж. Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци, П. Ф. Гербарг, А. Дистервег және кеңес педагог-ғалымдары А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский.

- Сухомлинскийдің пайымдауынша «жақсы сезім өзінің тамырымен балалық шаққа сапар жасауы қажет, ал адамшылық, ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік еңбекте, қамқорлықта, қоршаған әлемнің әсемдігіне толқу жағдайында туындайды» деген екен. Бұлардың бәрі, айналып келгенде бүгінгі тәрбиенің гуманистік сипатын құрайды.
- Академик Д.С.Лихачев «Мен ХХІ ғасырды гуманистік мәдениетті дамыту ғасыры болады деп өзімше ойлаймын» деп жазады. Демек, бүгінде тәрбие мәселесінде гуманистік принципті бірінші орынға қою, бұл әрине табиғи заңдылық болып табылады.
- Кезінде В.Г.Белинский «адамшылықты» тәрбие принципі ретінде қарастыра отыра, «тәрбиенің қаруы және делдалы маххабат, ал мақсаты – адамшылық болуы міндетті. Тәрбие балаларда шенеунікті, ақынды, қолөнершіні емес, адамды көруі міндетті» деп жазған.
- Қазіргі кезеңдегі тәрбиенің теориясы мен әдістемесінің дамуы (В. И. Андреев, Е. П. Белозерцев, Т. Н. Мальковская, Л. И. Новикова, И. П. Подласый, С. А. Смирнов, В. С. Селиванов, В. А. Сластенин, Н. Е. Щуркова және т.б.) педагогтарды тәрбиеде гуманистік сипаттың болуына және тұлғамен өзара әлеуметтік қарым-қатынас жасауға бағыттайды (тұлғалық-бағдарлық), соған сәйке келесі *міндеттерді* шешуді жүктейді:

- 1) тәлімгерлерді жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесімен таныстыру;
  - 2) әрбір тұлғаның шығармашылық күшін анықтау;
  - 3) тұлғаның еркіндік сезімін және объективті жағдайда өзіне-өзі баға бере алатын қабілетін қалыптастыру;
  - 4) бірлескен өмірдің ережелері мен нормаларын құрметтеу;
  - 5) еңбекке жағымды қатынасты орнату;
  - 6) ұлтаралық татулық пен ұлттық құндылықтарды мақтаныш ету сезіміне негізделген тұлғааралық қарам-қатынас мәдениетін қалыптастыру және т.б.
- Тәрбие процесінде бұл міндеттерді шешу, келесі *методологиялық және гуманистік принциптерді* педагогтардың басшылыққа алу барысында жүзеге асады:
- 1) тұлғалық-бағдарлық ілім тұлғаны жоғары әлеуметтік құндылық ретінде тану; тәлімгерге қарым-қатынас тәрбие субъектісі ретінде қарастыру;
  - 2) табиғатқа сәйкестілік – тәлімгерлердің жыныстық және жас ерекшеліктерін ескеру;
  - 3) мәдениетке сәйкестілік – халықтың ұлттық дәстүрлеріне арқа сүйеу;
  - 4) тұлғааралық қарым-қатынасты ізгілендіру;

• *Гуманистік принциптер:*

- 1) тәрбиеленушінің құқығы мен еркіндігін сыйлау;
- 2) оның сезіміне арқа сүйеу;
- 3) жеке басына шамаға лайық және ақылға сыйымды ойластырылған талаптар қою;
- 4) қойылған талаптарды орындаудан бас тарту жағдайында да, оның позициясын сыйлау;
- 5) өз бетінше болуы құқығын сыйлау;
- 6) тәрбиесінің нақты мақсатын оның санасына жеткізу;
- 7) оған қажетті тәрбиелік сапаны күштемей қалыптастыру;
- 8) ар-намысына, абыройына нұсқан келтіретін, қорлайтын дене және басқадай жаза түрлерінен бас тарту;
- 9) белгілі бір себеппен оның сеніміне қарама-қайшы келетін сапаларды қалыптастыруға қарсы болу құқығын тану;
- 10) педагогикалық ықпал ету процесінде оның келеңсіз жақтарын алдын-ала ескерту;
- 11) оның қызығушылығын, талғамын, қалауын, қажеттілігін есепке алу.



- *Гуманистік бағыттағы тәрбие жүйесінің белгілері.*
- мектептің тәрбие жүйесінің дамуында бірыңғай тұжырымдаманың болуы;
- салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру;
- балалардың тәрбиелік әрекеттерін ұйымдастырудың ұжымдық, топтық және жеке-дара формаларының өзара ықпалдастығы және әрекеттестігінде үйлесімділіктің болуы;
- балалардың әртүрлі ұжымдары мен бірлестіктерінің жан-жақты әрекетінің болуы.
-

## *7. Қазақстан мектептеріндегі тәрбие жүйесі. Қазіргі мектептегі тәрбие жүйесі мазмұнының проблемалары.*

- Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тәрбиені дамыту мәселесі Білім беру және ғылым министрлігінің, білім беру субъектілерін басқару және барлық типтегі мекемелердің басты бағыттарының біріне айналуда.
- Осыған байланысты қоғамының барлық салаларында жаңа үлгіге (модель) өту мәселесі білім беруде тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты детерминациялау жағдайына байланысты қарастыруда, білім берудің мазмұнын реформалауда да аса қажеттілік тудырды. Тәрбиенің ұлттық құндылыққа негізделген қазақстандық үлгісін жасау, оның мақсатын және стратегиялық бағытын анықтау, барлық деңгейдегі білім беру жүйесіндегі оқушылар үшін тәрбиенің бағдарламасын құру өзекті мәселеге айналуда.

- Ол Қазақстан Республикасының білім беру саласында жүзеге асып отырған нормативтік-құқықтық базаға сәйкес жасалынады:
- -Қазақстан Республикасының Ата Заңы;
- -Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- -«Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары»;
- -Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы»;
- -Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» туралы Заңы;
- -Қазақстан Республикасының «Кәмілетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдер үйлері» туралы Заңы;
- -Қазақстан Республикасының «Азаматтардың денсаулығын сақтау» туралы Заңы;
- -Қазақстан Республикасының «АИТВ/ЖТИС-тің алдын алу» туралы Заңы;
- -Қазақстан Республикасының «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу» туралы Заңы;
- -Қазақстан Республикасының «2010 жылға арналған Стратегиялық жоспары»;

- -Қазақстан Республикасының «2010 жылға дейінгі білім беруді дамытуда мемлекеттік бағдарламасы»;
- -Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтің «Жаңа әлемде жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауы;
- -2009 жылдың 16 қараша айындағы «Білім және ғылым» министрінің бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында үзіліссіз білім беру жүйесіндегі тәрбиенің тұжырымдамасы»;
- -ҚР Білім және ғылым министрлігінің 7.07. 2000 жылғы «Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы»;
- -«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» және т.б.
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Қазақстан Республикасының *тәрбие жүйесінің мақсаты* – оқушылардың жеке тұлғалық сапалығы, қазақстан патриоттылығы, гуманизмі және жалпы адамзаттық құндылықтары негізінде қалыптастыру», - деп атап көрсетілген.

- Тәрбие жүйесінде жас ұрпақты Отанға, халқына, елге жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп қалыптастыру жетекші орын алады. Өйткені Отан, халық, ел, жер деген ұғым өте ауқымды ұғым.
- Соған сәйкес оқушыларды:
  - -ұлттық мәдениеттілікке тарту;
  - -Қазақстан тарихын және салт-дәстүрлерін оқып үйрену;
  - -қоғамдағы достықты күшейту, бейбітшілік пен бірлікті қалыптастыру арқылы, олардың санасында туған елге деген сезім мақтанышын қалыптастыру;
  - -Отанға деген сүйіспеншілік, өз туған өлкесін сүю, оның тарихын білу, мәдениетін қазіргі таңдағы өзекті мәселелері болып табылады.
- Сол секілді «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» атап көрсеткендей «Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты өскелең ұрпақты *тәрбиелеу жүйесін дамыту* болып табылады.

- Алайда, қазіргі кезде білім беру ұйымдары мен балалардың қоғамдық ұйымдарының тәрбие беру әлеуетінің тиімділігі төмен болып отыр. Мектептерде еңбекпен тәрбиелеу және кәсіптік бағдарлау жүйесі жойылған, мектептердегі және мектептен тыс ұйымдардағы көркем және музыкалық шығармашылық үйірмелерінің, спорт секцияларының саны жеткіліксіз. Балалар мен мектептің қоғамдық ұйымдарының қызметі дұрыс жолға қойылмаған. Балаларды қосымша білім берумен қамту басқа елдермен (30–50 %) салыстырғанда 21,5 %-ды ғана құрайды. Білім алушыларды спорт секцияларымен қамту бүгінде 20 %-ды құрайды.
- ...Осылайша, қазіргі бар проблемалар орта білім жүйесін қазақстандық қоғам дамуының қазіргі заманғы талаптарына және әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу шарттарына сәйкес жаңғыртуды талап етеді»- деп тұжырамдайды.
- Бұған қосымша Білім және ғылым Министрлігінің 2009 жылғы 16 қараша айындағы №521 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында» да Республика аймақтарында шешімі табылмаған көптеген проблемалардың бар екендігі айтылады. Олар мыналар:

- -«жаңа әлеуметтік ақиқаттың пайда болуынан, тұлғаға қоғамның жаңа талаптар жүйесінің туындауы;
- -тәрбиенің мақсатын және басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік беретін нақты идеологиялық бағдардың жеткіліксіздігі;
- -қоғамның әлеуметтік жіктелуі, қоғамның кірістер бойынша күрт қарама-қайшылануы; халықтың кейбір бөлігінің еңбек етпей табылған молшылықты дәріптеуі зияндық (ущербность), әлеуметтік әділеттікке сенбеушілік сезімдерін тудыруы;
- -оқытудың рөлінің жоғары бағалануы және қазақстандық жаңа ұрпақтың қалыптасуында тәрбие рөлінің толық бағаланбауы;
- -педагогтардың жалпы адамзаттық және жалпы мемлекеттік құндылықтарға жауапкершілікпен қарауды қалпына келтіру әрекеттері үнемі тиімді бола бермеуі;
- -әлеуметтік институт ретінде отбасының тәрбиелік рөлінің әлсіреуі;
- -адам өмірін аса маңызды құндылық ретінде бағаламау, салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларының толық қалыптаспауы;
- -бұқаралық ақпарат құралдарының жеке тұлғаны қалыптастырудағы кері ықпал етуі; тәрбиенің жаңа парадигмасын ғылыми-әдістемелік жағынан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;

- -педагогтардың осы заманғы тәрбие технологияларын жеткіліксіз меңгеруі;
- -балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарының тәрбиелік потенциалы (күші) тиімділігінің төмендеуі;
- -еңбек тәрбиесі мен кәсіби бағдар беру жүйесінің жоғалуы;
- -балалар мен жастар қызығушылықтары бірлестіктер жүйесінің шектеулілігі (клубтар, үйірмелер, секциялар т.б.) және олардың іс-әрекеттерінің жеткіліксіздігі.
- Жоғарыда көрсетілген проблемаларға сүйеніп, жас ұрпақтың тәрбиесі осы заманғы қоғамды дамытудың және еліміз қауіпсіздігінің негізі мен мемлекеттік саясатын құрайтын басты стратегиялық міндеттері ретінде қаралуы тиіс».
- Осы орайда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығына сәйкес «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» бөлімінде «2011 жылдан бастап:



- -білім беру ұйымдарында спорт секцияларының желісі дамытылады;
- -қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында тұрақты негізде мемлекеттік рәміздерді таныту, тарих, салт-дәстүр және ана тілін білу жөнінде іс-шаралар жалғастырылатын болады;
- -түрлі жобаларды іске асыру арқылы жастар арасында қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру жөнінде мақсатты шаралар қабылданатын болады» деп нақты атқарылатын шаралар белгіленген.
- Осылардың негізінде тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру және дамыту мақсатында тәрбиенің кешенді бағдарламасы әзірленуде. Оның жетекші *принциптері* болып табылады:
  - -құқықтық және саясм мәдениетті тәрбиелеу;
  - -патриоттық тәрбие;
  - -рухани-адамгершілік тәрбие;
  - -құқық бұзушылық пен экстремизмнің алдын алу;
  - -салауатты өмір салтына тәрбиелеу;

- -өзін-өзі басқару;
  - -өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту;
  - -эстетикалық тәрбие
  - -экологиялық тәрбие;
  - -кәсіби бағдар жұмысы.
- 
- **Бақылау сұрақтары:**
  - 1.Тәрбие жүйесі дегеніміз не және тәрбие процесін ұйымдастыруда тәрбие жүйесін басшылыққа алудың маңызы қаншалықты?
  - -ата-аналармен әлеуметтік әріптестік;
  - 2.Тәрбие жүйесін құрушы факторға не жатады?
  - 3.Тәрбие жүйесінің құрылымы немесе компоненттері қандай?
  - 4.Тәрбие жүйесінің қалыптасу кезеңдері, олардың ерекшеліктері қандай?
  - 5.Қазіргі тәрбие жүйесінің маңызды өлшемі ретінде қандай идея қарастырылады?
  -

- 6.Тәрбие жүйесінің жан-жақтылығы және тәрбиенің гуманистік жүйесі дегеніміз не?
- 7.Жан-жақты мәдени тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбие жүйесінің тарихи қалыптасуы қалай болды?
- 8.Қазақстан мектептерінде тәрбие жүйесін қалай қалыптасқан және ондағы шешімін таппаған қандай проблемалар бар?